



**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 22 қыркүйек N 1229

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344

U000344\_

Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы  
17 ақпандағы N 344 Жарлығына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму

K972030\_

стратегиясын одан әрі  
іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму

стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 U000344\_ Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасында:

1) "3. Экономикалық өсу" басымдығында:

"3.1. Макроэкономикалық саясат" бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ой-ниет. Үкіметтің саясаты макроэкономикалық тұрақтылықты сақтауға және шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін экономикалық дамудың жоғары қарқынын қамтамасыз ететін экономикалық орта жасауға бағытталады болады.

Үкімет жыл сайынғы жалпы ішкі өнімнің нақты өсуін 7-9 % деңгейінде қамтамасыз етуге, 2002 жылы инфляцияның орташа жылдық деңгейін 5-7 % дейін төмендетуге н и е т т е н у д е .

Тиімді мемлекеттік ақша-несиелік және фискальдық саясат, экономиканың нақты секторын қаржылық және ұйымдастырушылық сауықтыру, ақшалай табыстарды арттыру және халықтың салымдары үшін ынталандыратын жағдай жасау арқылы өндірісті техникалық жаңарту және Қазақстан экономикасының бәсекелестік қабілетін арттыру қамтамасыз етілетін болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет бюджет процесін одан әрі жетілдіру үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасайды. Мемлекеттік бюджеттің көрсеткіштерін қалыптастыру орташа мерзімдік сипатта болады.

Үкімет 2002 жылы ЖІӨ-ге 2,3 % шегінде жаңа әдіспен есептелген республикалық бюджет тапшылығын белгілеуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік бюджет кірістерінің өсуі салық салынатын базаны кеңейтудің және салық әкімшілігін жүргізуді жетілдірудің есебінен қамтамасыз етілетін болады. Мемлекеттік шығыстардың айқын жүргізілуін күшейту басымдықтарды неғұрлым нақты белгілеу, нормативтік базаны қалыптастыру және дамыту, оларды жеке секторға бере отырып, мемлекетке тән емес функциялардан дәйекті түрде бас тарту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көлік пен коммуникациялардың құрылымын жақсартуға бағытталған мемлекеттік инвестициялық саясат жандандырылады.

Үкімет жыл сайын бюджетті қалыптастыру кезінде зейнетақылардың, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің және мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыру мүмкіндігін қарастыруға н и е т т е н у д е .

Нақты секторды жеделдете дамыту, өнімді өткізудің ішкі және сыртқы рыноктарын кеңейту саясатын дәйекті жүргізу, экспортқа бағдарлау және импортты алмастыру шараларын жүргізу арқылы сауда теңгерімінің оң сальдосын ұстауға қолдау көрсетіледі . Қызмет көрсетулерді дамыту және олардың экспортын ұлғайту жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а д ы .

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енуіне дайындық жөніндегі

іс-шараларды іске асыру мақсатында сауда режимін ырықтандырудың дәйекті саясаты жүргізілетін болады.

Халықаралық сапа стандарттарына сәйкес Қазақстанда өндірілетін және бәсекелестік баға бойынша сатылатын тауарлар импортына ішкі өндірушілерді қорғауға бағытталған саясат жүргізіледі. Елде өндірілмейтін әлеуметтік маңызы бар тауарларға ең төменгі кеден ставкалары белгіленеді.

Макроэкономикалық саясаттағы тұрақтылық пен сабақтастық: экономикалық жоспарлаудың көкжиегін кеңейту мен сапасын жақсарту, тиімді индустриялық, аграрлық және көлік-коммуникациялық саясат; білім беру, денсаулық сақтау, мәдени даму бағдарламаларын қалыптастыру; мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге азаматтардың белсенді түрде қатысуы есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің аса маңызды құралдарының бірі - мақсаты мемлекеттің қорлануын (жинақтаушы функция) қалыптастыру болып табылатын, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің әлемдегі бағалар конъюнктурасына тәуелділігін азайту (тұрақтандырушылық функциясы) болып табылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеуі болады.

Елдің мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстанның жасасқан халықаралық шарттары мен қабылдаған міндеттемелерін түгендеу жүргізіледі.";

"3.2. Ақша-несие саясаты және инфляция қарқынын төмендету" бөлімінде:

бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3.2. Ақша-несие (монетарлық) саясаты";

бірінші абзацта:

бірінші сөйлемдегі "банктерді" деген сөз "банк жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші сөйлемдегі "дамытуға," деген сөзден кейінгі "банктердің" деген сөз алынып тасталып, оның орнына ", соның ішінде банктік емес қаржы мекемелерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкімет Ұлттық Банктің инфляцияның төмен деңгейі саясатын жүргізуін қолдайтын болады." ;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк ақша-несие саясатының жаңа режимін - ақша базасы және алтын-валюталық активтер бойынша мақсатты көрсеткіштер белгілеудің қазіргі режимінің орнына инфляция бойынша мақсатты көрсеткіштер белгілеуді көздейтін инфляциялық таргеттеуді енгізу мүмкіндігіне ерекше назар аударатын болады.";

үшінші абзацта:

бірінші сөйлемдегі "қайта қаржыландырудың ставкаларын төмендету" деген сөздер "қайта қаржыландырудың ставкаларын нақты түрдегі әлсіз оң мәнінде сақтау" деген

сөздермен

ауыстырылсын;

бірінші сөйлемдегі "дамыту" деген сөз "рыноктың дами бастаған" деген сөздермен  
ауыстырылсын;

үшінші сөйлем алынып тасталсын;

төртінші абзац алынып тасталсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке адамдардың мерзімдік салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық, кепілдендірудің (сақтандырудың) құрылған жүйесі халықтың банк секторына сенімінің одан әрі артуын қамтамасыз етеді және соның нәтижесінде банк секторына тартылатын ақшаның көлемін одан да зор ұлғайтады. Одан әрі, депозиттерді кепілдендіру жүйесінің қалыптасуына қарай, кепілдендіру объектілері мен басқа да көрсеткіштердің кеңеюі, сондай-ақ халықаралық стандарттарға көшу жөніндегі талаптарды олардың орындалуына қарай кепілдендіру жүйесіне қатысушы банктердің шеңберінің кеңеюі жүреді." ;

жетінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Құрылған Қазақстандық ипотекалық компания банктер беретін ипотекалық несиелерді қайта қаржыландыру (сатып алу) арқылы ипотекалық несиелендіруді дамытуға жәрдемдеседі." ;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының банк жүйесін одан әрі дамыту мақсатында 2001 жылдың аяғында Екінші деңгейдегі банктерді банк қызметінің халықаралық стандарттарына көшіру бағдарламасын іске асыру аяқталады." ;

оныншы абзацта :

"2000" деген сан "2001" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қаржылық секторының тұрақтылығын нығайту мақсатында бірыңғай қаржылық қадағалау органы құрылады." ;

он екінші және он төртінші абзацтар алынып тасталсын;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру рыногының жұмыс істеуі, сақтандыру компанияларының қызметін қадағалау әрі реттеу жүйесін жетілдіру, әсіресе, Сақтандыруды қадағалау органдары халықаралық қауымдастығының принциптерін енгізу, капиталдандыруға, сақтандыру резервтерінің деңгейі мен оларды орналастырудың сенімділігіне қойылатын талаптарды арттыру бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады." ;

он жетінші абзацта :

"сәйкес келтіру көзделіп отыр" деген сөздер "сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"3.3. Салық және бюджет саясаты" бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

### "3.3. Салық және бюджет (фискальдық) саясаты

Ой-ниет. Мемлекет Басшысының тапсырмаларына сәйкес Үкімет экономикадағы оң үрдістерді орнықтыруға бағытталған және салық төлеушілер мен мемлекет арасындағы мүдделер теңгерімін белгілеу арқылы бюджетке түсетін түсімдердің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ететін дәйекті фискальдық саясат жүргізуге ниеттенуде. Бюджет жүйесін реформалау перспективалық бюджеттік жоспарлауды енгізу, орталықтар мен аймақтардың өзара бюджеттік қатынастарын жетілдіру, сыртқы қарыз алу саясатын қатайту, нормативтік құқықтық базаны кеңейту және дамыту негізінде мемлекеттік шығыстарды басқару, әлеуметтік маңызы бар бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру, бюджет процесін одан әрі жетілдіру әрі регламенттеу, түпкі заем алушылардың бюджет қаражатын қайтаруына көзқарасты қатайту, мемлекеттік борыш мөлшерін салыстырмалы түрде қысқарту жалғастырылады.

#### Үкіметтің іс-қимылы.

Үкімет мемлекеттік бюджеттің кірісіне түсімдердің қажетті көлемін қамтамасыз ету үшін мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің олардың өзара қаржылық қатынастарындағы мүдделер теңгеріміне қол жеткізу саласында:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне мемлекеттік органдардың орынсыз араласуын болдырмау мақсатында салық және кеден заңдарын ұдайы жетілдіретін;

салық ауыртпалығын азайту және салық салынатын базаны кеңейту есебінен бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту жөніндегі жұмысты жалғастыратын;

соның ішінде, олардың өнімі мен айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы акцизделетін өнімдер бойынша салық түсімдерінің толық түсуін қамтамасыз ететін;

трансферттік бағаларды қолдану кезінде бақылау тетігін жетілдіретін; шағын бизнес субъектілеріне салық салу тетігін оңайлату жөніндегі жұмысты жалғастыратын;

кеден органдарын автоматтандырудың бірінші кезеңін аяқтайтын болады.

Салық заңдары нормаларының біркәнді түсіндірілуін, салық төлеушілердің оны қолдануын оңайлатуды, сондай-ақ салық тәртібін сақтау деңгейін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жаңа Салық кодексі қабылданады.

Елде жүріп жатқан мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру процестерін ескере отырып, бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру жүзеге асырылады.

Мемлекеттік функцияларды орындау және бюджет қаражатын жұмсау кезіндегі өкілеттік пен жауапкершілік беріліп, басқарудың әрбір деңгейіне өздерінің түсім көздері заң жүзінде негізде бекітілетін болады.

Республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы өзара қатынастар жергілікті бюджеттерден бюджеттік алуды жүзеге асыру және дотациялық аймақтарға (Астана қаласынан басқа барлық аймақтар үшін бірыңғай кірістерді бөлу нормативтерімен)

теңестіретін субвенциялар бөлу принциптерімен құрылады.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш саласында  
Үкімет бұдан әрі:

үкіметтік және мемлекет кепілдік берген заемдар есебінен қаржыландырылатын жобаларды іріктеуге қойылатын талаптарды күшейтуге;

заемдық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға;  
инвестициялық жобаларды іске асырумен байланысты шығыстарды оңтайландыруға, әкімшілік және операциялық шығындарды, сондай-ақ консультациялық қызметтер көрсетуге шығындарды азайтуға;

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару тетігін жетілдіруге;

жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуына көзқарасты қайта қарауға ниеттенуде.

Мемлекеттік меншікті басқаруды тиімділігін арттыру бөлігінде Үкімет: мемлекеттік меншіктің құрылымын оңтайландыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын;

акцияларының мемлекеттік бақылау пакеті бар Акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің рөлі мен ықпалын күшейтетін;

мемлекеттік кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен пайдасы үлестерінің тұрақты әрі толық ісінің, сондай-ақ бюджеттің кіріс бөлігінің жалпы көлемінде осындай түсімдердің меншікті салмағының ұлғаюын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты барынша жандандыратын және күшейтетін болады.

Мемлекеттік меншікті басқаруды оңтайландыру үшін мемлекеттік меншік объектілерін кешенді түгендеу жөніндегі іс-шаралар одан әрі жүргізіледі.

Жинақтаушы функциясын іске асыру мақсатында Ұлттық қордың активтеріне қатысты Үкімет пен Ұлттық банк оның активтерін капиталдың халықаралық рыноктарында орналастыру жөнінде байыпты саясат жүргізеді.

Бюджет қаражаттарын жұмсаудың басты басымдықтары:

- өндірістік инфрақұрылымды, әлеуметтік сала объектілерін, сондай-ақ Астана қаласының объектілерін дамытуға инвестициялардың өсуі;

- әлеуметтік сала, яғни зейнетақыларды, жәрдемақыларды, сондай-ақ бірінші кезекте орта және төменгі буындағы бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын бірте-бірте индексстеу;

- қорғаныс шығыстарын кемінде ЖІӨ-нің 1% қаржыландыруды көздейтін елдің қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайтуды қамтамасыз ету болады.

Үкімет стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлау процестерін біріктіруді және үйлестіруді, сондай-ақ бюджеттік жоспарлаудың сапасын арттыруды, бюджеттік міндеттемелер мен болжамдық-талдау жұмысының орындалуын қамтамасыз етеді.

Үкімет бағдарламалық құжаттарды әзірлеу мен қабылдауға көзқарасты, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеуге түйінді принциптер мен көзқарастарды қайта қарайды.

Жиынтық нормативтік құқықтық акті ретінде қызмет ететін және бюджеттерді әзірлеу үшін негіз болып табылатын барлық стратегиялық басымдықтарды, салалық және аймақтық бағдарламаларды түгел қамтитын өзгермелі негіздегі даму бағдарламасы орта мерзімді кезеңге әзірленеді және іске асырылады.

Жоспарлаудың сапасын арттыру үшін Үкімет бюджет саясатының тиімділігін бағалаудың пәрменді жүйесін әзірлейді және енгізеді. Мұндай жүйенің өлшемдері негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің серпінін ескеріп отырады, сондай-ақ бюджет шығыстарының ұтымдылығын, мемлекеттік шығындардың нәтижелілігін бағалаудың қазіргі заманғы әдістеріне негізделеді. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің теңдестірілуін сақтау және мемлекеттік саясатты жүргізу мақсатында қабылданатын бюджеттік бағдарламалардың құнын бағалау және пайдалылығын талдауға біртіндеп көшу жүзеге асырылады.

Үкімет бюджеттік шығыстарды ағымдағы бағдарламалар және даму бағдарламалары деп жіктеуді енгізеді.

Үкімет бюджеттің инвестициялық шығыстарының меншікті салмағын одан әрі арттыратын болады. Осыған байланысты, жұмсалған шығындардың тиімділігіне мониторинг жүргізудің жүйесі әзірленеді.

Қазынашылықты жаңалау шеңберінде барлық деңгейдегі бюджеттің ағымдағы шығыстарын тиімді жоспарлау мақсатында қолма-қол ақшаны басқару жөніндегі болжамдық-талдау жұмысының сапасы жақсартылады.

Үкімет мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіруге ерекше назар аударады.

Мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу жөнінде жұмыс жүргізіледі.

Бюджет қаражатын тиімді жұмсауға қол жеткізу мақсатында конкурстық рәсімдер өткізуге тиісті қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысатын сатып алу рәсімдері ж е т і л д і р і л е д і .

Сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлерін оқыту жүйесін құру жөнінде жұмыс жү р г і з і л е д і .

Бухгалтерлік есеп және аудиторлық қызмет саласында республикада экономикалық реформаны жүргізу үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету, инвестициялық ахуалды жақсарту және халықаралық байланыстарды кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында халықаралық стандарттарға сай бухгалтерлік есеп және аудит стандарттары әзірленеді. Ірі кәсіпорындарды бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына көшіру жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а н а д ы .

Бюджет процесі туралы жұртшылыққа жіті әрі анық ақпарат беру мақсатында

Үкімет

мыналарға:

заңи және нормативтік құжаттарға;  
жылдық қаржылық және жедел баяндамалар мен есептерге (бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері);  
мемлекеттік қаржы туралы толық ақпаратқа қол жеткізуді одан әрі қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Бюджет міндеттемелерінің дұрыс орындалуы үшін бақылау әрі мониторинг жүргізу бөлігінде Үкімет өкілеттік берген бақылаушы органдардың рөлі күшейтіледі.  
Мемлекеттік қаржы жөніндегі нормативтік құқықтық базаны тәртіпке

келтіру мақсатында Үкімет тиісті тұжырымдамалар әзірлеуге кіріседі және Бюджет кодексін әзірлеу үшін негіз дайындайды.";

"3.4. Инвестициялық ахуалды жақсарту" бөлімінде:

үшінші абзацта:

"халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесе отырып, саяси және реттеуші тәуекелдерді кепілдендірілген өтеудің тетіктерін құру мен қолдануға енгізу" деген сөздер "жеке меншік иелерінің құқықтарын қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта:

"Инвестициялар туралы" деген сөздер "Инвестицияларды мемлекеттік қорғау және қолдау туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"заңдардың" деген сөз сол қалпында қалдырылсын;

алтыншы абзацта:

"бірлескен жұмыс топтарының" деген сөздер сол қалпында қалдырылсын;

жетінші абзацта:

"іріктеу рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету кезінде Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының құрамына мәлімделген" деген сөздер алынып тасталсын;

сегізінші абзац алынып тасталсын;

оныншы абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Нақты секторды одан әрі дамыту үшін бағалы қағаздар рыногын реттеу мәселелері бойынша қолданыстағы заңдарға өзгерістер енгізіледі.";

он бірінші абзацта:

"және Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиямен бірге Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын дамытудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың қорытындылары бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

"3.5. Сыртқы сауда саясаты" бөлімінде:

бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:



"3.5. Сауда саясаты";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ой-ниет. Үкімет сыртқы сауда саясатын ырықтандыруды ұстанатынын растайды. Сауда саясаты елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне одан әрі тиімді түрде кірігуі қажеттігін негізге ала отырып, жүргізіледі. Сауда саясатының негізгі міндеті - экономиканы құрылымдық қайта құруға көмек көрсету, ішкі рыноктың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін бәсекелесуге қабілетті өндірістер құру және әлемдегі рыноктарға қазақстандық тауарлар мен қызметтер көрсетуді жылжытуға көмек көрсету, төлемдік және сауда теңгерімінің көрсеткіштерін жақсарту үшін сыртқы экономикалық байланыстарды барынша пайдалану болып табылады.";

екінші абзацта:

"инфрақұрылымдарын" деген сөзден кейін "басым" деген сөзбен толықтырылсын;

"экспорттың экономикалық тиімділігін көтеру және құрылымын жақсарту" деген сөздер "қосылған құны жоғары деңгейдегі өндірістердің үлесін арттыру мақсатында экспорттың құрылымын әртараптандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта:

"шығару жолымен" деген сөздер "шығаруды жүргізу жолымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"көрмелер өткізу" деген сөздер "көрмелерді ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкімет жаңа тауарлардың өндірісін игеру кезеңінде отандық тауар өндірушілерді қорғау, тұтыну рыногының теңдестірілуін қамтамасыз ету, экспорт пен импорттың құрылымын жақсарту үшін икемді кедендік-тарифтік жүйе құру жөніндегі жұмысты жалғастырады.";

төртінші абзацта:

"және келісімшарттық бағалардың төмендеуіне" деген сөздер алынып тасталсын;

"қолдау" деген сөзден кейін "және экспортты ынталандыру" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацта:

"сыртқы сауда саясаты шаралармен" деген сөздер "экономиканың стратегиялық маңызды секторларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"болады," деген сөз сол қалпында қалдырылсын;

"Экспорттық-импорттық операцияларға салық салу жүйесі жақсаратын," деген сөздер алынып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкімет импорт алмастыру және Қазақстан Республикасы өңдеуші өнеркәсібінің бәсекелестік қабілетін арттыру бағдарламасын әзірлейді."; жетінші абзац алынып тасталсын; сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Сыртқы және ішкі сауда саласындағы қатынастарды реттеу мақсатында "Сауда туралы" Заң және сауда қатынастарын регламенттейтін заңи актілер әзірленеді. Сауда саласындағы Қазақстан үшін қолайлы халықаралық келісімдер мен конвенцияларды бекіту және оларға қосылу рәсімдері жалғастырылады."; тоғызыншы абзацтағы екінші сөйлем алынып тасталсын; оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Дүниежүзілік саудада тең құқықты әріптестік жағдайларын қамтамасыз ету, шет елдермен экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру мақсатында Қазақстан Республиканың экономикалық мүдделерін барынша ескере отырып, ДСҰ-ға кіру процесін жалғастырады.";

он бірінші және он екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық және Орталық Азия экономикалық қоғамдастықтарының елдерімен, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастығы ұйымының шеңберіндегі сауда саясаты тауарлар, қызмет көрсетулер мен капиталдар ортақ рыногының тиімді жұмыс істеуіне бағытталады. Үкімет заңи және нормативтік құқықтық актілерді үйлестіруге, келісілген салық, ақша-несие, валюта-қаржы, сауда, кедендік және тарифтік саясат жүргізуге бағытталған жұмысты жалғастырады.

ТМД елдерімен сауда саясаты еркін сауда және сауда кедергілерін жою принциптеріне негізделеді.";

он үшінші абзацта:

"толық құқықты мүше" деген сөздер "тең құқықты әріптес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"беделін" деген сөз "абыройы" деген сөзбен ауыстырылсын; он төртінші абзац алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ішкі сауда саласында тұтыну рыногында сатылатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі шаралар күшейтіледі. Отандық тауар өндірушілердің өнімдерін өткізуді жақсарту мақсатында көтерме сауда жүйесі құрылады. Тұтыну тауарларының бәсекесін арттыру және бағаны арзандату үшін муниципальдық сауда рыноктарын құру көзделеді.";

"3.6. Баға және монополияға қарсы саясат" бөлімінде: алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Басымдық жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз артықшылығын теріс пайдалануы фактілерін анықтау. "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Z010144\_ Заңды іске асыру мақсатында республикалық және аймақтық

рыноктарда басым жағдайға ие субъектілердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірленеді.";

он үшінші және он төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс істейтін активтерге пайда ставкасын белгілеу тәртібі жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

Табиғи монополия субъектілерінің экономикалық қызметінің ашық болуын қамтамасыз ету, кейін олардың нәтижелері жарияланатын аудиторлық тексерулерді жыл сайын міндетті түрде жүргізу;"

он алтыншы абзац алынып тасталсын;

он жетінші абзацта:

"шаруашылық жүргізуші" деген сөздер алынып тасталсын;

"жол берілетін" деген сөздер "негізделетін" деген сөзбен ауыстырылсын;

он тоғызыншы абзацта:

"іске асыруды" деген сөз алынып тасталсын;

жиырмамыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге төмендеткіш коэффициенттер белгілеу жөніндегі тәртіпті әзірлеу және практикаға енгізу.";

жиырма бірінші абзацта:

"Электр энергетикасы" деген сөздер алынып тасталсын;

жиырма екінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Темір жол көлігіндегі тарифтік саясатты жетілдіру өнімнің бағасындағы көліктің құрамдас бөлігінің үлесіне қарай және маусымдық факторлар ескеріліп, жүзеге асырылады.";

жиырма үшінші және жиырма төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан темір жолы" республикалық кәсіпорнының құрамынан табиғи монополия саласына жатпайтын бірқатар құрылымдық бөлімшені бөліп шығаруды көздейтін Темір жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасы қабылданады, мұның өзі темір жол тасымалдарымен сабақтас салалардағы бәсекені дамытуға әкеледі және темір жол көлігіндегі кәсіпорындардың экономикалық қызметінің ашық жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен бір мезгілде, тұтынушылардың кейбір санаттары үшін абоненттік төлемдерді ішінара өтеу тетігін енгізіп, 2005 жылға қарай телефон байланысы қызметтері тарифтерінің деңгейін олардың көрсетілуінің шығындарын жабатын деңгейге дейін кезең-кезеңімен көтеру басталады. Телекоммуникациялар рыногын

ырықтандыру мақсатында оларды есептеуіштердің көрсеткіштері бойынша төленетін жергілікті телефон қосқыштарындағы құнын уақытына қарай есептеу жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс жүргізіледі.";

"3.7. Өнеркәсіп" бөлімінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ой-ниет. Үкімет өнеркәсіп өндірісінің өсуі, импорт алмастыру саясатын іске асырудың және сараланған қадамдары мен қолдау тетіктері бар экспортқа бағдарланған өндірісті ынталандыру негізінде ішкі және сыртқы рыноктар қажеттіліктерін қамтамасыз ететін кәсіпорындарды дамыту үшін жағдай жасайды.";

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік инновациялық саясат шеңберінде отандық әзірленімдер базасында бәсекеге қабілетті импорт алмастыратын және экспортқа бағдарланған өнім шығаруды қамтамасыз етуге бағытталған өндірістерді технологиялық жаңғырту және әртараптандыру жоспарланып отыр. Перспективасыз кәсіпорындар кейіннен олардың базасында шағын және орта инновациялық ғылымды қажетсінетін өндірістер құра отырып, банкроттыққа және саралауға ұшырайтын болады.";

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстандық тауарлар мен қызметтер көрсетуді шетелдік рыноктарға жылжытуды қамтамасыз ету мақсатында қазақстандық кәсіпорындарда әлемдік стандарттар талаптарына сәйкес келетін сапаны басқару жүйесі енгізілетін болады.";

оныншы абзацтағы ", қорғасынның" деген сөз алынып тасталсын;

он бірінші абзацтағы "химия өнеркәсібін дамытудың бағдарламасы қабылданатын" деген сөздер "Химия және мұнайхимия өнеркәсібін қалпына келтіру және дамыту бағдарламасы іске асырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші абзацтағы "хлорлы-сілті өндірісін" деген сөздер "басқа да өндірістерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші абзацтағы "тантал мен берилий өндіру" деген сөздер "дайындығы неғұрлым жоғары сапалы өнімді шығара отырып, берилий мен тантал өндірісін одан әрі дамыту" деген сөздермен ауыстырылсын;

он төртінші абзацта:

"Машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібін" деген сөздер "Машина жасауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"станоктар" деген сөз "машиналар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Отын-энергетикалық" деген сөздерден кейін ", кен металлургия" деген сөздермен толықтырылсын;

"бағдарламасының" деген сөздер "саясатын іске асыру жөніндегі шаралардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бесінші және он жетінші абзацтар алынып тасталсын;

он сегізінші абзацтағы "Қазақстанның өнеркәсібі үшін жаңа бәсекелестік қабілетті

тауарлар" деген сөздер "Бәсекеге қабілетті тауарлар шығару жөніндегі жаңа өндірістер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"3.8. Ауыл шаруашылығы" бөлімінде:

"өнімді" деген сөздің алдынан ", елдің азық-түлік қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін" деген сөздермен толықтырылсын;  
ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"ауыл шаруашылығын дамытудың бағдарламасы әзірленді" деген сөздер "Ауыл шаруашылығын дамытудың бағдарламасын іске асыру жалғастырылды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"аймақтық мамандандырудың негізінде" деген сөздер "2000-2002 жылдарға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;  
бесінші абзацта екінші сөйлем алынып тасталсын;  
алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы әзірленетін болады. Төтенше жағдайлар оқиғасына арналған мемлекеттік азық-түліктік астықтың резервін жаңалау, мемлекеттік тұқымдық және жемшөп астығын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу көзделеді, елдің элеваторлары мен астық ресурстары қозғалысының мониторингі қызметін лицензиялау жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады. Мемлекеттің астықты сатып алуға және өткізуге одан әрі қатысуы мемлекеттік ресурстарды пайдаланумен және жаңартумен ғана байланысты болады."; мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Астық шаруашылығының тұрақтылығын арттыру, негізінен өндіріс дақылдарын арттырудың есебінен, оның ішінде технологиялық тәртіпті сақтаудың, шаруашылық жүргізудің экономикалық әдістерін енгізудің, тыңайтқыштарды және өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарын ұтымды пайдалану есебінен жүретін болады."; мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Селекцияны және тұқым өсіруді одан әрі дамыту өндіріске өсіп-өну мерзімдері әртүрлі, өсу тұрақтылығына, тез пісуге, жоғары өнімділікке және жақсы технологиялық сапаға икемді сорттарды енгізуге бағыттталатын болады.

Мал шаруашылығында Ірі қалалар айналасында сүт өндірісін дамыту бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады. Асыл тұқымдандыру ісін қолдау бағдарламасы негізінде өнімділікті ұлғайту жолымен отандық мал шаруашылығы өнімінің бәсекелестік қабілетін арттыру, сондай-ақ қайта өңдеу технологиясын жетілдіру жүзеге асырылатын болады, бұл ішкі рыноктарды сапалы өніммен толықтыруға және сыртқы рынокқа шығуға мүмкіндік береді. Мал шаруашылығы өнімін сатып алу және экспорттау жөніндегі мемлекеттік компания құрылатын болады.

"

;

тоғызыншы және оныншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің несие ресурстарына қол жетімділігін

қамтамасыз ету ауылдық несие серіктестіктерін құру жолымен жүзеге асырылады. Аграрлық сектордың ауқымын кеңейту кепіл құралы ретінде "астық қолхаттары" институтын енгізуге ықпал ететін болады. Аграрлық секторды несиелендіру үшін сыртқы заемдар мен екінші деңгейдегі банктердің қаражаты тартылады.

Пайдаланушылар ауыл шаруашылығы өнімінің аймақтық және сыртқы рыноктары туралы ақпарат алатын ауыл шаруашылығы өндірісінің бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.";

он бірінші абзац алынып тасталсын;

он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру және суармалы жерлер тиімділігін арттыру үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін минералдық тыңайтқыштарды сатып алуға мемлекеттік субсидиялау жалғастырылады.

Республикада астық тұқымын өсіру әр облыста қабылданған егіншіліктің аймақтық жүйесіне сәйкес жүргізілетін болады.

Сумен тұрақты қамтамасыз ету проблемасын шешу үшін суарудың су үнемдеу технологиясын енгізу, су пайдаланушылардың өздерінің ирригация және мелиорацияның жағдайына, гидромелиоративтік жүйелерді ұстауына және пайдалануға, суармалы жерлер мониторингін жақсартуға жауапкершілігін арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Нарықтық жағдайларға икемделген суармалы егіншілікті дамыту және суды ұтымды пайдалануды дамытудың тұжырымды негіздері әзірленетін болады.";

он үшінші абзац алынып тасталсын;

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Нормативтік құқықтық актілерге жер учаскелерінің кепілдігі және жерді пайдалану құқығы мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін болады.";

он бесінші абзацтағы "Әділет" деген сөзден кейін ", сондай-ақ шаруа (фермер) қожалықтарының жер учаскелеріне арналған құқығын куәландыратын құжаттарды қайта тіркеу және жерді пайдалану құқығы шартты жер үлестерінің есебінен қалыптастырылған мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы ұйымдары" деген сөздермен толықтырылсын;

"3.9. Ғылым мен технология" бөлімінде:

бірінші абзацтағы "ғылым саласындағы" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет қойылған міндеттерді іске асыру үшін инновациялық және ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізінде ғылыми-техникалық саланы басқару жүйесін жетілдіру ниетінде.";

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Осыған байланысты ғылыми-техникалық саланың жұмыс істеуінің, оның ішінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру,

оларды конкурстық іріктеу және сату, санаткерлік меншік құқықтарын қорғау, инновациялық қызметті жандандыру саласында нормативтік құқықтық база жетілдірілетін болады;

іргелі зерттеулер бағдарламасын және тиісті ғылыми ұжымдарды отандық тауар өндірушілерге әлемдік тауар рыногында өз орнын қамтамасыз ететін принципті түрде жаңа технологиялар жасауға бағдарлау;"

"3.10. Тұрғын үй құрылысы" бөлімінде:  
бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
" 3 . 1 0 . Қ ұ р ы л ы с " ;

бірінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Тұрғын үй құрылысын одан әрі дамыту, толыққанды тұрғын үйдің рыногын қалыптастыру." ;

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкіметтің іс-қимылы. Мемлекеттік қала құрылысы саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасының негізінде Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу басталады. Елдің аумағында мемлекеттік қала құрылысы кадастрын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Жобалаудың және құрылыстың нормативтік базасын халықаралық нормалармен үйлестіру үшін жетілдіруге, ТМД елдерінің құрылыстағы стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссиясының шеңберінде және Біріккен Ұлттық Ұйымының елді мекендер жөніндегі орталығымен және оның аймақтық бөлімшелерімен интеграцияны күшейтуге бағытталған шараларды іске асыру жоспарлануда." ;

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"ипотекалық несиелендірудің, оның ішінде тұрғын үйді кейін сатып алу құқығымен ұзақ мерзімді жалға берудің жаңа әдістерін" деген сөздер "ипотекалық несиелендіруді, оның ішінде тұрғын үйді кейін сатып алу құқығымен ұзақ мерзімді жалға беруді" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Табысы төмен адамдарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін құрылыстың жинақ ақша жүйесі енгізілетін болады." ;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Табысы орташа халықтың кең ауқымы үшін қол жетімді тұрғын үйлердің үлгілік жобаларын әзірлеу көзделуде." ;

бесінші абзац алынып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Отандық құрылыс компанияларын қолдауға бағытталған шаралар қабылданатын болады." ;

алтыншы абзацтағы "ПИК-ның" деген қысқартылған сөз мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншікті пәтерлер кооперативінің (МПК)";  
жетінші абзац алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Құрылыстың стандарттарын және мемлекеттік нормативтерін сақтау, құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау мақсатында, сондай-ақ тұрғын үй қорының және азаматтық мақсаттағы объектілердің техникалық жағдайын бақылауды қамтамасыз ету үшін осы салаларда мемлекеттік қадағалау күшейетін болады.";

"3.11. Шағын кәсіпкерлік" бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ой-ниет. Елдің экономикасын нығайтуды, халықты жұмыспен қамтуды және оның өмір сүру деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін шағын кәсіпкерлік секторын одан әрі к е ң е й т у .

Ү к і м е т т і ң і с - қ и м ы л ы .

Үкімет, ең алдымен, өзінің қызметін өндірістік саланы серпінді дамытуды қамтамасыз ететін шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіруге б а ғ ы т т а й д ы .

Жаңа бастаған кәсіпкерлердің несиелендіру ресурстарына, сондай-ақ несиелендіру тетіктеріне қол жетімділігін қамтамасыз ететін шарттар жасау жолымен шағын бизнесті несиелендіру проблемаларын шешу жөніндегі іс-қимыл қабылданатын болады .

Осы мақсатта Үкімет іске асыру, оның ішінде мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын шағын кәсіпкерлікті қаржылай қолдаудың орта мерзімді б а ғ д а р л а м а с ы н ә з і р л е й д і .

Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту үшін қолайлы жағдай жасалатын, тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі аз өндірістерді қайта ұйымдастыру мен сегментациялау кезінде мүліктік кешендерді, технологиялар мен жабдықтарды қалыптастыру және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру жөніндегі негізгі бағыттар а й қ ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

Шағын бизнесті дамытуды жандандыру үшін Үкімет шағын кәсіпорындардың істеріне мемлекеттің араласуын мейлінше азайтады, әкімшілік кедергілерді жоюға ықпал ететін болады. Кәсіпкерлік қызметті лицензиялау рәсімдері жетілдірілетін, сертификаттау әр түрлі үлгідегі рұқсат беру, аккредитациялау рәсімдері мен өзге де нормалар мен ережелер жеңілдетіледі. Үкімет шағын кәсіпкерлік субъектілері бизнесті тіркеуге байланысты рәсімдерді бір органда өткізе алатын тетікті енгізуге кіріседі.

Үкімет нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырады, заң шығару және нормативтік актілерді оңайлатуға және заңдарда



сілтеме сипаттағы нормаларды қысқартуға ықпал ететін болады. Мемлекеттік сатып алу жүйесі жетілдірілетін, мемлекеттік сатып алуды шағын кәсіпкерлік субъектілерінен жүзеге асыратын тауарлар мен қызмет көрсетулердің жекелеген түрлерінің тізбесі а й қ ы н д а л а д ы .

Кәсіпкерлік қызметті қолдау және оның жаңа нормаларын дамыту мақсатында франчайзинг туралы заң жобасы әзірленетін болады.

Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің заң шығару бастамасы арнайы іріктеудің негізінде анықталған олардың ең жақсыларына гранттар бөлу жолымен көтермеленетін б о л а д ы .

Ұйғарылатын шараларды іске асырудың нәтижесінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қатарын өсіру, жаңа жұмыс орындарын құру, шағын бизнес саласында жұмыс істейтіндердің санын көбейту, нақты бәсекелестік ортаны құру, меншік иелерінің жаппай буынын қоғамның орташа табының негізі ретінде қалыптастыру к ү т і л у д е . " ;

"3.12. Туризм" бөлімінде:

бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Ой-ниет. Елдің туристік кешенін жақсарту, сыртқа шығу және ішкі туризмді дамытуды бюджеттің кіріс бөлігін толтырудың, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің негізгі көздерінің бірі ретінде ынталандыру.

Үкіметтің іс-қимылы. Қазақстанда туризмнің пайдаланылмаған мүмкіндіктерін және оның экономиканың басқа салаларының дамуына ықпалын ескере отырып, " Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілді мемлекеттерді сақтау және сабақтастықпен дамыту, туризмнің инфрақұрылымын дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін жағдайлар жасалатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленетін және іске асырылатын болады.";

үшінші абзацтағы "; Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта

өркендетуді, түркі тілді мемлекеттердің мәдениетін сақтауды және сабақтастықпен дамытуды, туризмнің инфрақұрылымын дамытуды" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзацта:

"жаңа" деген сөз алынып тасталсын;

"туристік қызмет көрсету" деген сөздер "туристік қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

"стандарттарға" деген сөз "талаптарға" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзац "Туризм мен қонақ үй шаруашылығы" деген сөздердің алдынан "Құрылатын ақпараттық-әдістемелік орталықтардың базасында" деген сөздермен толықтырылсын;

"3.13. Аймақтық саясат" бөлімінде:

бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3.13. Аймақтық даму";

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкіметтің іс-қимылы. Барлық деңгейдегі бюджеттерді қалыптастыру мен атқарудың қолданыстағы жүйесін жетілдіруді қолға алу алда тұр.";

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының тұжырымдамасы әзірленетін  
б о л а д ы .

Аймақтарды дамыту "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148\_ Заңға сәйкес жүзеге асырылатын болады.";

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тоқыраған ауылдық аудандарды дамыту проблемаларын шешу үшін Үкімет және жергілікті атқарушы өкімет органдары инвестицияларды тартуға, шағын кәсіпкерлікті қолдауға, әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелерін шешуге жәрдемдесетін болады. Әкімдер коммуналдық меншік объектілеріне тиімді билік ету жөніндегі жұмысты жүргізетін болады.";

он екінші абзацтағы "нақты" деген сөз алынып тасталсын;

он үшінші абзацтағы "қаржы рыноктарында," деген сөздер алынып тасталсын;

он төртінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Эксперимент тәртібімен 2001 жылы жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерде (ауылдық (селолық) округтарда, ауылдарда (селоларда), поселкелерде) әкімдер сайлауы ө т е д і . " ;

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы облысы. Өнеркәсіпті қайта өңдеу кәсіпорындарын басымдықпен дамыту, тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін жағдайлар жасау, өткізу нарығын кеңейту, шағын кәсіпкерлікті, туризмнің инфрақұрылымын дамыту, әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық саланың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру, кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Облыс орталығы - Талдықорған қаласы одан әрі дамытылады.";

о н т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"белгіленіп отыр" деген сөздер "ұйғарылып отыр" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Атырау МӨЗ-н; Атырау қаласының ұшу-қону алаңы мен әуежайын қайта жаңарту" деген сөздер "Атырау МӨЗ-ін қайта жаңарту; Атырау қаласының ұшу-қону алаңы мен әуежайын жөндеу белгіленіп отыр" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма үшінші абзацтағы "мыс прокаты, эмаль сымдары, және кабель өнімдері" деген сөздер "түсті және қара металдардан жасалған өнімдер" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма төртінші абзацтағы "құрылысын салу жалғастырылады" деген сөздер "құрылысын салуды 2001 жылдың аяғына дейін аяқтау белгіленді" деген сөздермен ауыстырылсын;

о т ы з ы н ш ы а б з а ц т а :

"Астана қаласы." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қаланы одан әрі дамыту "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік U010574\_ бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.";

"Астана қаласындағы" деген сөздер "Қаладағы" деген сөзбен ауыстырылсын; соңғы сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: "2002 жылғы 1 қаңтардан бастап Астана қаласының сол жақ жағалауын салу үшін арнайы экономикалық аймақ жұмыс істей бастайтын болады.";

2) "4. Әлеуметтік даму" басымдығында:

"4.1. Әлеуметтік қорғау және кедейлікпен күрес" бөлімінде: бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ой-ниет. Үкімет өзінің қызметін кедейлікпен күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруда жандандыра отырып, жүргізілетін реформалардың әлеуметтік бағытталуын күшейтеді. Халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған саясат: жалақыны, зейнетақыларды, жәрдемақылар мен кедейлерге атаулы әлеуметтік көмекті уақытылы төлеу жалғасатын болады.";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Әрбір азаматты әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерді беру тетіктерін парасатты үйлестіруге негізделген халықты әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қатер туындаған кезде өзін қамтамасыз етуге дербес жауапкершілік жүйесін жетілдіру жалғасатын болады.";

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкіметтің іс-қимылы. Кедейлікпен күреске бағытталған шаралар жетілдірілетін болады.";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Үкімет Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын әзірлейтін болады."; үшінші абзацтағы ", зейнетақылардың ең төменгі мөлшерін арттыру жөнінде жұмыс істейтін болады" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Тағайындалған зейнетақылардың мөлшерлерін арттырған кезде зейнеткерлікке шыққан кезеңі ескерілетін болады.";

төртінші абзацтағы "Зейнетақы қорларына тиесілі" және "белгілі бір шараларын

сақтау жағдайында" деген сөздер алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Халықты, оның ішінде ауыл тұрғындарын және өз бетімен жұмыс істейтін халықты жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерімен қамтуды кеңейту жөніндегі шаралар көзделетін болады. Жұмыс берушілердің қызметкерлерге зейнетақы жарналарын толық және уақытылы аударуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау көзделеді." ;

бесінші абзацтағы "мақсатында" деген сөз "үшін" деген сөзбен ауыстырылсын;  
алтыншы абзац алынып тасталсын;  
жетінші абзацта:

"жинақтаушы қорлары жұмыс істеуінің" деген сөздер "жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың" деген сөздермен ауыстырылсын;  
екінші сөйлем алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"Ортақ зейнетақы жүйесінен төленетін төлемдердің жеткіліктілігін және зейнетақы жинақтауы жеткіліксіз болған кезде, ең төменгі зейнетақыға дейінгі үстемақылар түріндегі мемлекеттік кепілдіктердің бар екендігін ескере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің тетігін жетілдіру көзделеді." ;

сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Орнықты және тұрақты сақтандыру рыногын құру зейнетақы реформасын үздік іске асырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Сақтандыру рыногының қалыптасуы мұндай қаражатты берген адамдарға кейіннен өмірлік аннуитеттерді жүзеге асыру үшін зейнетақы жинақтауын жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шотынан сақтандыру ұйымына беру мүмкіндігін көздейтін схеманы енгізуге мүмкіндік береді .

Халықты әлеуметтік қатерлерден қорғауды қамтамасыз ету мақсатында еңбекке қабілеттілігін жоғалту, асыраушысынан айрылу және жұмысынан айрылу жағдайына міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізуге дайындау жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы әлеуметтік сақтандыру жүйесі азаматтарды өздерінің еңбек қатынастарын заңдастыруға ынталандыратын болады, себебі олар тартылмаған азаматтармен салыстырғанда елеулі артықшылықтар алатын болады." ;

мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады." ;

он бірінші абзацтағы "әзірлеу жоспарланып жатыр" деген сөздер "әзірлеу жөніндегі жұмыс жалғасатын болады" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші абзацтағы "берешектерді қысқартуды, ал келешекте оған" деген сөздер " берешектерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

он төртінші абзацтағы "деңгейі" деген сөз "шегі" деген сөзбен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы он бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Қызметкерге еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян кезінде жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру е н г і з і л е т і н б о л а д ы . " ;

он бесінші және он алтыншы абзацтар алынып тасталсын;  
он жетінші, он сегізінші және он тоғызыншы абзацтар мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Қоғамда мүгедектерді оңалтудың, оларды интеграциялауды нығайтуға бағытталған бағдарламасы, мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау жөніндегі заңдарды және ардагерлер туралы заңдарды іске асыру жүзеге асырылатын болады. Белгілі тұратын орны жоқ адамдарды Әлеуметтік бейімдеу орталықтары одан әрі дамытылатын болады.

Үкімет мүгедектік мәртебесін беру және еңбекке қабілеттігін жоғалту деңгейін анықтау, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары сарапшыларының жауапкершілігін арттыру рәсімін регламенттеу жөніндегі шараларды белгілейді.

Протездеу-ортопедия саласын дамыту протездеу-ортопедия кәсіпорындарын және медициналық стационарларды біріктіру және олардың базасында протездеу-ортопедия орталықтарын құру жолымен жүзеге асырылатын болады. Жаңа технологиялар бойынша қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін протездерді шығару жолға қойылатын болады. Республиканың кәсіпорындарында аяқ-қол протездеріне жиынтықтаушы тораптар мен бөлшектерді шығару жөніндегі импорт алмастырушы технологияларды енгізу жоспарланып отыр.";

"4.2. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету" бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"4.2. Еңбек қатынастары және жұмыспен қамту"  
Е н б е к қ а т ы н а с т а р ы .

"Ой-ниет. Үкімет еңбек қатынастары саласында жетілдіруге, еңбек және еңбекті қорғау туралы заңдарды сақтауды қамтамасыз етуге, әлеуметтік әріптестік жүйесін құруға жәрдемдесуге, еңбек әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған жұмысты жалғастыратын болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Еңбек саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс, сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының тиісті Конвенцияларын бекіту жолымен еңбек туралы заңдарды халықаралық стандарттарға жақындату жөніндегі жұмыс жалғасады.

Үкімет, кәсіподақтар мен жұмыс берушілер арасындағы әлеуметтік және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі әлеуметтік диалогтың әрекетті үш жақты тетігін одан әрі реттеу жалғасады.

Азаматтардың еңбек бостандығына және қауіпсіз еңбек жағдайына конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік еңбек инспекциясының тігінен құрылымын құру және мемлекеттік еңбек инспекторларына қажетті өкілеттіктермен құқықтарды беру жолымен еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылаудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Азаматтарды еңбек қатынастарын заңдастыруға ынталандыруда жұмыстан айрылудан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізуге жәрдемдесетін болады.

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.

Ой-ниет. Үкімет жұмыспен қамту проблемаларын шешуге, бұрынғы жұмыс орындарын сақтауға және жаңаларын құруға, уақытша және жеке еңбекпен қамтуды кеңейтуге, жұмыссыздықтың нақты ауқымын айқындауға бағытталған жұмысты жалғастырады.

Үкімет кедейлік деңгейі мен жұмыссыздық деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізетін болады.

Үкіметтің іс-қимылы. Азаматтардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жолымен кедейлену мүмкіндігін төмендету жөніндегі жұмыс жалғасады.

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмыссыздықтың алдын алу саласында еңбек рыногында талап етілген мамандықтарға сұраныс болған ретте кадрларды, оның ішінде жұмыссыздарды даярлаудың икемді жүйесін жасау қажет.

Осыған байланысты азаматтардың кейіннен еңбекке орналасуы мақсатында жаңа немесе бұрынғы кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдету арқылы еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру басты бағыт болмақ. Еңбек рыногындағы қажеттілікке сәйкес білім беру, кадрларды даярлау жүйесін одан әрі бағдарлау көзделіп отыр, кадрларды тікелей жұмыс орнында қайта даярлау жүйесі жетілдірілетін болады. Еңбек рыногындағы сұраныс құрылымын болжау әдістемесін әзірлеу, жұмыспен қамту қызметінің жұмысын жетілдіру жөніндегі, халықты жұмыспен қамтудың аймақтық және республикалық бағдарламаларын әзірлеу, қоғамдық жұмыстарды оларға ақы төлеу жүйесі мен қаржыландыру көзі өзгеруін ескере отырып ұйымдастыруды жетілдіру, инвестициялық бағдарламаларды іске асыру кезінде қосымша жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі P000833\_ бағдарламаны іске асыру барысында жұмыспен қамтуға жәрдемдесу құралдарын, оның ішінде жұмыспен қамтудың ақпараттық базасын, сондай-ақ жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнайы бағдарламаларын іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық және әдістемелік базаларын жетілдіру көзделіп отыр.

Ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында шетелдік жұмыс күштерін әкелуге квоталар белгілеу, сондай-ақ жұмыс берушіге қосымша жұмыс орындарын құру және барын сақтау, шетелдіктерді ауыстыру мақсатында қазақстандық мамандарды қайта оқыту

жөніндегі міндеттемелерді жүктеу көзделуде.";

#### "4.3. Білім беру" бөлімінде:

екінші абзацта "дамытуға;" деген сөзден кейін "қазақстандық жүйенің бәсекеге қабілеттігін арттыруға;" деген сөздермен толықтырылсын;

он екінші абзацтағы "қолдану" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "көзделіп отыр." деген сөздер алынып тасталсын және мынадай мазмұндағы он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"орта мектепте оқушыларды ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары бойынша қажетті базалық даярлауды қамтамасыз ету;

бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру мақсатында білім берудің әдістері мен технологияларын жаңғыртуды қамтамасыз ететін ақпараттандыруды қаржыландыруды жалғастыру;

оқу мерзімі 12 жылдық Орта жалпы білім беру тұжырымдамасын әзірлеу;

орта жалпы білім берудің қорытынды аттестаттауы мен кәсіби білім беру жүйелерінің түсу емтихандарын біріктіру жөнінде жекелеген аймақтарда эксперимент жүргізу көзделіп отыр.";

мынадай мазмұндағы жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"елдің жоғары оқу орындарында студенттер құрамын қалыптастыру моделі жетілдіріледі;

Жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау бағыттары мен мамандықтар жіктемесі жетілдіріледі;

орта және жоғары кәсіптік білімді ғылыми педагогикалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесі жетілдіріледі;

техникалық кәсіптердің беделі арттырылады, мұнай саласы үшін кадрлар даярлау бойынша Қазақ-Британ университеті құрылады;

ұлттық және аймақтық мемлекеттік университеттер жүйесін дамыту жөніндегі жұмыс жалғасады.";

#### "4.4. Денсаулық сақтау" бөлімінде:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет медициналық қызметтердің сапасын арттыру және олардың қол жетімділігіне, денсаулық сақтауды реформалау бағдарламасына бөлінген ақша қаражатының жұмсалыуына қатаң бақылау жасауға бағытталған саясатты дәйекті жүргізеді. Денсаулық сақтауды басқару органының деңгейі мен мәртебесі көтеріледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Үкімет қойылған мақсаттарды іске асыру үшін:";

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"медициналық қызмет көрсетудің қазіргі деңгейін сақтауға және қолдауға, медициналық көмектің әрбір деңгейіне арналған сапа индикаторларын, экономикалық

уәждеу тетіктерін және денсаулық сақтау жүйесін нарықтық жағдайда оңтайлы жұмыс істеуге бейімдеуді, тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің, салада ақылы қызметтер көрсетудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған кешенді экономикалық, құқықтық, ұйымдастыру шараларының кешенін жүзеге асыруды;"; жетінші абзацта "тұрақтылығын" деген сөзден кейін "заңнамалық" деген

сөзбен толықтырылсын;

оныншы абзац алынып тасталсын;

"4.5. Демография және көші-қон" бөлімінде:

бесінші абзацта:

"көші-қоны" деген сөзден кейін "және урбанизация" деген сөзбен толықтырылсын;

"болашақта" деген сөзден кейін "ішкі көші-қон процесін реттеу жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

"4.6. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Ой-ниет. Үкімет, өз іс-қимылын қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыруға және табиғат пайдалану процесін қоғамның қажеттілігіне сайма-сай реттеуге бағыттайды. Халықты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғаудың сенімділігін арттырады.

Үкіметтің іс-қимылы. Қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасын қатайту, сондай-ақ экологиялық заңнамалық нормаларды халықаралық конвенциялармен сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдау көзделіп отыр.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан 1992 жылы Рио-де-Жанейродағы Халықаралық конференцияда Қазақстан қабылдаған міндеттемелерге сәйкес дамитын болады. Орталық Азия мемлекеттерімен трансшекаралық экологиялық проблемаларды шешу үшін аймақтық экологиялық саясат әзірлеу әрі сыртқы және аралас қаржыландырылатын жобаларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастықтың тұрақты тетіктерін жасау жөнінде шаралар қолданылады.

Табиғатты пайдалануды оңтайландыру мақсатында қоршаған ортаны ластауды және табиғи ресурстарды аймақтық пайдалануды шектеуді (лимиттерді) анықтау жөніндегі; табиғи ресурстардың кадастрларын және Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жасау; Табиғатты пайдалану жүйесін жетілдіру әрі қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік экологиялық сараптама мен мемлекеттік бақылау жұмысының құқықтық негіздерін күшейту; табиғат қорғау іс-шараларына төлемдер және қаражат жұмсау жүйесін жетілдіру



жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Мына міндеттерді: ормандар алқаптарын ұлғайту, оларды, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің басқа да ресурстарын ұтымды пайдалануды; су ресурстарының тапшылығын қысқартуды; шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін кемітуді; өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдалану деңгейін көтеруді шешу жолымен қоршаған ортаны қалпына келтіру әрі оңалту жөніндегі шаралар көзделуде.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін ұлғайту ормандардың және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің басқа да ресурстарын оңтайлы пайдалануға әрі олардың көлемін ұлғайтуға ықпал ететін болады. Астана қаласы төңірегінде орманды қалпына келтіру және ағаш егу, қорғаныш жасыл аймағын жасау жөнінде іс-шаралар белгіленген. Бекіре балықтардың уылдырық шашатын, сирек әрі жойылып бара жатқан аңдардың, құстардың өсіп-өнуі және көші-қоны кезеңінде кең ауқымды шаралар жүргізе отырып қаскерлікпен күресті күшейту болжануда. Экологиялық туризм одан әрі дамитын болады. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге және су ресурстарының тапшылығын қысқартуға айрықша көңіл бөлінеді. Траншекаралық суларды ұтымды пайдалану тетіктерін, су ресурстарын пайдаланудың кешенді тәсімдерін әзірлеу болжануда. "Ауыз су" мемлекеттік бағдарламасы қабылданады.

Шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін кеміту; қоршаған ортаға елеулі әсер ететін өндірістердің экологиялық аудиті жүйесін енгізу жөнінде шаралар қолданылады. Экологиялық қауіпті қызметтерді кейіннен лицензиялауды және экологиялық сақтандыруды енгізе отырып, олардың тізбесі әзірленеді және бекітіледі.

Тарихи ластануды, оның ішінде радиоактивтік ластануды зерделеу жалғасады, оның нәтижелері бойынша оларды жою жөніндегі бағдарлама әзірлеу болжануда.

Қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру мақсатында қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі технологиялар мен қалдықсыз технологиялар дерекқорын жасау жалғасады және оларды енгізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а д ы .

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың мемлекеттік жүйесін құру мақсатында аймақтық және ғылымдық ауқымдағы төтенше жағдайларға жедел ден қоюдың жүйесі қалыптастырылады. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында мемлекетаралық келісімдердің іске асырылуы одан әрі дамытылады.";

"4.7. Мәдениет және спорт" бөлімінде:

"саласында:" деген сөзден кейін "Дене шынықтыру және спортты дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;" деген сөздермен толықтырылсын;

3) "5. Инфрақұрылым, көлік және байланыс" басымдығында: үшінші абзацта үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2001-2005 жылдарға арналған Р010756\_ бағдарламасына сәйкес "Қазақстан темір жолы" РМК-ын

қайта құрылымдау жүргізу белгіленіп отыр.";

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақсу - Конечная (Дегелең) жаңа темір жол желісін салу аяқталады және Дөң - Краснооктябрь кеніші жаңа темір жол желісін төсеу жалғасады.";

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Алматы - Астана желісінде жолаушы поездарының жүрдек жүрісі ұйымдастырылады." ;

бесінші абзацта "Автомобиль көлігі кодексі" деген сөздер "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы - Астана автокүрежолын оңалту аяқталады. Батыс Қазақстанда Атырау - Орал - Ақтөбе автомобиль жолдарын, Алматы - Бішкек, Алматы - Қорғас жолдарын, Қызылорда тұсынан Сырдария өзені арқылы көпір өткелді, қайта жаңарту басталады, Астана - Бурабай және Шығыс Қазақстан - Алтай Республикасының шекарасы автомобиль жолдарының телімдерін салу жалғасады. Орал қаласы тұсында Жайық өзені арқылы көпір салу аяқталады.";

с е г і з і н ш і а б з а ц т а :

"жұмыс жалғастырылады." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын :

Үкімет азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заң жобасын әзірлейді. Ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау қатайтылады.";

"Орталық Азия мен ТМД рыноктарын қоса алғанда, бәсекеге қабілетті және негізінен сыртқы рынокқа бағдарланған күшті Ұлттық тасымалдаушыны" деген сөздер "күшті ұлттық тасымалдаушыларды" деген сөздермен ауыстырылсын";

о н ы н ш ы а б з а ц т а :

"отыр." деген сөзден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Саланы ырықсыздандыру процесі басталады.";

"2003 жылға дейін" деген сөздер алынып тасталсын, "байланыстыратын" деген сөз "байланыстыру жұмыстарын 2005 жылы аяқтай отырып," деген сөздермен және "құруды" деген сөз "қалыптастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

он бірінші абзацта "қызметін және қайта ұйымдастыру" деген сөздер "почта - жинақ жүйесін қалыптастырумен байланысты қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Елдің көлік-коммуникация кешенінде қоғамдық қатынастарды реттеу қағидаттарын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешеніндегі бақылау-қадағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданатын болады." ;

4) "6. Энергетикалық ресурстар" басымдығында:

үшінші абзацта "2001 жылдың қыркүйегіне дейін" деген сөздер алынып тасталсын және "бірінші кезектегі құрылысты аяқтау" деген сөздер "2001 жылы мұнай құбырының бірінші кезегін іске қосу" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацта үшінші сөйлем алынып тасталсын; алтыншы абзацты мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Амангелді газ кен орындары тобын игеру басталады.";

тоғызыншы абзацты мынадай редакцияда жазылсын:

"Электр энергетикасы. Электр энергетикасы секторын одан әрі реформалау мақсатында тарифтің мөлшері электрді беру қашықтығына тәуелді болуын кемітуге, елде электр энергиясы мен қуатының бірыңғай тиімді көтерме рыногын жасауға, электр энергиясы рыногында үстем (монополиялық) жағдайдағы электр энергиясын өндіретін ұйымдарды рынок субъектілері тізілімінен шығарып тастауға бағытталған тариф саясатын жалғастыру белгіленген, бұл энергия көздері арасындағы өздері өндірген электр қуатын өткізу үшін бәсекелестіктің күшеюін қамтамасыз етеді және түптеп келгенде, түпкі тұтынушыларға берілетін электр қуаты үшін бағаны төмендетуге жәрдемдеседі.";

оныншы абзацта екінші сөйлемдегі "2001 жылы" деген сөздер алынып тасталып, "жүргізіледі" деген сөз "жөніндегі жұмыс жалғастырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзацты мынадай редакцияда жазылсын:

"Электр және жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу тарифтері мен бағаларын есептеу тетіктері және оның реттелуі өзіндік құнның толық өтелуін қамтамасыз етуі тиіс. Осы мақсатта қолданыстағы рәсімдерді шолу негізінде актілері мен нормативтерге қажетті түзетулер енгізіледі.";

он екінші абзацты алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"өзара тиімді қатынастар принципіне негізделген электр энергиясын өзара беру кезінде энергиямен сенімді де іркіліссіз қамтамасыз ету үшін Қазақстанның, Ресейдің және Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерінің қосар жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс одан әрі даму алады.";

5) "7. Кәсіби Үкімет" басымдығында:

үшінші абзацты мынадай редакцияда жазылсын:

"Ел Президентінің "Қазақстан-2030" К972030\_ Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасын дамытудың 10 жылдық стратегиялық жоспары әзірленеді.";

мынадай мазмұндағы жетінші, сегізінші, тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Мемлекеттік басқаруды жетілдіруде негізгі күш қызмет нәтижелерін бағалауға жұмсалады. Түрлі буындағы атқарушы билік басшыларына шешімдер қабылдауда және оларды іске асыруда көбірек дербестік беріледі. Қажетті стратегиялық бақылау

жұмысты орындау барысына емес, бірінші кезекте, олардың қызмет нәтижелерін бағалауға бағытталады.

Әрбір орталық және жергілікті атқарушы органның тиісті бюджеттік бағдарламаларға таратылған айқын әзірленген және халық үшін түсінікті бір жылға арналған жұмыс жоспары болады және оның орындалуы жөнінде есеп береді.

Басшыларға мәселелерді шешудің стратегиясы мен тактикасын айқындауда көбірек еркіндік берілумен қатар, басқарудың әрбір деңгейінде қызмет нәтижелерін тексеру практикасы енгізіледі, соның негізінде әрбір мемлекеттік органның тұтас алғанда, тиімділігі бағаланатын болады.";

сегізінші абзацта:

"жағдай туғызады" деген сөздер "бағытталған" деген сөзбен ауыстырылсын; "құзыреттілік және" деген сөздер алынып тасталсын; тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметтің мәртебесін ынталандыру және көтеру мақсатында мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жетілдіріледі. Лауазымдарды факторлық-баллдық бағалау негізінде еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі пилоттық жобалар іске асырылады. Осының негізінде әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарына біліктілік талаптары әзірленеді.";

мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компаниялар

қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай принциптері енгізіледі. Мұндай жүйені Үкімет айқындайды және ол кесімді жалақы мен бонустан тұратын болады, олардың мөлшері кәсіпорын қызметінің қаржы-шаруашылық нәтижелеріне байланыстырылады.";

ониншы абзац алынып тасталсын;

он бірінші абзацта:

"кеңінен" деген сөз алынып тасталсын;

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Елдің жаңа басқару элитасын қалыптастыру жөніндегі міндеттерді іске асыру мақсатында халықаралық донор ұйымдардың техникалық қолдауы жағдайында Астана қаласында Еуразия оқу орталығын құру жөнінде шаралар қолданылады.";

он үшінші абзацта "2001" деген сан "2002" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Үкімет республикада заң шығарушылық қызметіне айрықша көңіл бөледі, Қазақстан Республикасының құқықтық даму тұжырымдамасын әзірлейді. Сонымен бір мезгілде қабылданған заңдардың іске асырылуына, әсіресе заңи нормативтік құқықтық актілердің уақытылы әзірленуі бөлігінде бақылау

күшейтіледі.";

он төртінші абзацта:

мынадай мазмұндағы бірінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі күшейту жөнінде қадамдар жасалады.";

"пәрменді" деген сөз "дәйекті" деген сөзбен ауыстырылсын;

"материалдық және қаржы қаражатын барынша үнемдеу," деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын тиісті өзгерістер мен толықтыруларды екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасын іс жүзіне асыру жөнінде 2000-2002 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарына енгізсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.